Қ.Ш. МОЛДАСАН
Ж.М. БЕКТУРГАНОВА

# ПЕДАГОГИКА



Қ.Ш. МОЛДАСАН,
Ж.М. БЕКТУРГАНОВА

# ПЕДАГОГИКА

## *Хрестоматия*

*Оқу құралы*

Алматы, 2015

ӘОЖ 37.013
КБЖ 74.00
М 66

***Пікір берушілер:***

Абай атындағы ҚазҰПУ п.ғ.д., профессор **С.Т. Иманбаева**
Абылайхан атындағы ҚазХҚжӘТУ «Жалпы тіл білімі» кафедрасы, п.ғ.д. **М.С. Юнусова**
Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ-дің доценті, п.ғ.к. **М.А. Мұхамбетқалиева**

**Молдасан Қ.Ш.**
**М 66 Педагогика: Хрестоматия:** *Оқу құралы.* **/Молдасан Қуаныш Шорманқызы, Бектурганова Жанар Мустафаевна** I-Бөлім.– Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2015. – 376 б.

**ISBN 978-601-298-416-3**

Оқу құралы ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураға арналып құрастырылған. Қазіргі педагогиканың басты қалыптасу арналарын құрайтын халықтық тәлім-тәрбиенің озық үлгілері мен ағартушы-педагогтардың тағылымды ойлары, ғылыми педагогикаға негіз болған тәлімгерлердің, жаңашыл-ұстаздардың еңбектерінен үзінділер берілген. Өзін-өзі тану, қоршаған ортамен қарым-қатынас, ізгілік, мінез, ар мен иман, отбасы, т.б. заманның өзекті мәселелері туралы қалам тербеп жүрген зиялы қауымның ой-толғамдары жинақталған.

Оқу құралы білім алушылардың өз бетімен оқуын ұйымдастыруға, өзіндік жұмысына пайдалануға ұсынылады. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттарға және педагогикалық мамандықтар бойынша ізденушілерге арналады.

**ӘОЖ 37.013**
**КБЖ 74.00**

**ISBN 978-601-298-416-3**

© Молдасан Қ.Ш.,
Бектурганова Ж. М., 2015
Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2015

## Кіріспе

*Бүгінгі таңдағы қоғамдық өзгерістер, үздіксіз білім беру жүйесінің ұлттық моделін жасауды ұлттық құндылықтарды терең зерттеуді қажет етеді. Елдің жарқын болашағын қамтамасыз етуде жас ұрпаққа озық білім мен адамгершілік мұраттарына негізделген ізгілікті тәлім-тәрбие беру ісін жүйелі ұйымдастыра білу – өте маңызды. Осыған орай, бүгінгі таңда педагогика ғылымының ғана емес, педагогикалық білімнің де маңызы артып, педагог мамандарға деген сұраныс артып отыр. Ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлауда ұсыну, оларға педагогикалық білім беру, педагогикалық қабілеттерін шыңдап, педагогикалық қызметпен айналысудың қыр-сырына баулу – қазіргі жоғары мектептің күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе.*

*Жоғары мектеп қазіргі таңда үлкен технологиялық, әдістемелік, дидактикалық жаңартуларды басынан кешіруде. Оқу үдерісін кредиттік оқыту технологиясына сай ұйымдастырумен қатар, ғылыми-педагогикалық бағытта маман даярлауды, ғылыми педагогикалық білім беру ісін жүзеге асыруды өз міндетіне алып отыр. Педагогикалық білім берудің артуымен бірге, педагогикалық білім көздерін дидактикалық мақсатта жинақтап ұсыну мәселесі де туындап отыр. Осы ретте ұсынылып отырған оқу құралының* **мақсаты** *– ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада оқу үдерісін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыра отырып, білім алушыларды халықтың тәлім-тәрбие туралы ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибелерін жаңа үлгіде және өзінің педагогикалық қызметінде заман талабына сай басшылыққа алуға үйрету, ұлттық және әлемдік педагогиканың үздік туындыларымен таныстыру, өз бетімен оқу, қосымша іздену жұмыстарын ұйымдастыру.*

*Оқу құралы 2 бөлімнен тұрады. І-Бөлім «Тәрбие бастаулары», «Даналар тағылымы», «Ұлттық педагогика негіздері», «Тағылымды сөздер» тарауларын қамтиды.*

*«Тәрбие бастаулары» тарауында халықтық тәрбиенің сарқылмас алтын қазынасы – мақал-мәтелдер мен ертегілер, аңыз-әңгімелер, Мұхаммед Пайғамбардың хадистері, бата-тілектер, ақын-жыраулар мен би-шешендердің тәлімдік, тәлімгерлік ойлары мен сөздері, жеті қазына, ұсынылды. Адам тәрбие-леудегі халықтың озық тәжірибелері, концептуалдық ойлары мен адамға ықпал етудің жарқын үлгілерінің барлығы – халық ауыз әдебиетін асқақтататын қадір-қасиет. Кез келген халық ең алдымен өзінің бастауын ауыз әдебиетінен іздейді. Ауыз әдебиеті, халық шығармалары – тек тәлім-тәрбие туралы ғылым ғана емес, ол адам туралы зерттеулердің бастауына алынуы тиіс*